**ЦИКЛОГРАММА**
**IV-апта (24.05.2021-28.05.2021ж.)**
**Ортаңғы «Қошақан» тобы**
**Өтпелі тақырып:**«Әрқашан күн сөнбесін»
**Тақырыпша:**Мен жасай аламын
**Тәрбиеші:**М.М.Махмут

**Бекітемін:**
**Оқу-ісі жөніндегі орынбасары:А.Ж.Аманшеева**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 24.05.2021ж | Сейсенбі 25.05.2021ж | Сәрсенбі 26.05.2021ж | Бейсенбі 27.05.2021ж | Жұма 28.05.2021ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. | 8:00 - 8:30 | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:Мен жасай аламын туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | | **Өзіңді салыстыр.** Балалар шеңбер ішінде тұрады. Жүргізуші ер баланың белгісін айтқан кезде олар аяқпен жерді тарсылдатып, қыз баланың белгісін айтқанда, қолмен шапалақтау керек | **Әр ұлттардың билерініің элементтері*Мақсаты*** Нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен у, қазақ халқының гүлдер биініің элементтері | Үстел үсті ойындары «Қарама – қарсы жұптарын тап» Көңілді пазлдар: Ою өрнектерден мозайка құрастыру | **Балалар мен дос бола білейік** *Мақсаты:* Балаларды басқа балабақшадағы, ауладағы балалармен дос болуға баулу, балалармен тілдік қарым-қатынас мәдениетін сақтауға үйрету. | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр»Балалармен ізгі сөздер айтып әңгімелесу |
| Таңертеңгі дене шынықтыру | | **Таңертеңгі жаттығулар кешені** №4.Құралмен 5-6минут<br>**Мақсаты:**Қимы- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| Гигиеналық шаралар Таңғы ас | 8:30 - 9:00 | **Ойын- жаттығу**<br>Айнаға қараймын<br>Шашымды тараймын.<br>Бақытты боламын,<br>Сымбатты боламын.<br>Әрқаша тазамын,<br>Бәрінен озамын.<br><br>**Бата:**«Астарыңыз дәмді болсын»<br>Асың-асың-асыңа<br>Береке берсін басыңа<br>Алла бізді қолдасын<br>Еш жамандық болмасын | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған | 9:00 - | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ауадан қуат алайық, | Жарқырап күнде | Қане, қане тұрайық, | Біз кішкентай | Біз аяқпен |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | **9:15** | Алақанға салайық.<br>Жерден нәр алайық,<br>Алақанға салайық.<br>Күннен шуақ алайық,<br>Алақанға салайық.<br>Күн шуағын апайларға сыйлайық! | ашылды<br>Айнала гүл шашылды.<br>Біз – нәзік қыздармыз!<br>Біз – ер жүрек ұлдармыз!<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге жүрсін бүлдіршін.<br>Қыз қолында гүл жүрсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қайырлы күн, достарым! | Үлкен шеңбер құрайық.<br>Құрсақ енді шеңберді,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оң жақтағы балаға,<br>Сол жақтағы балаға<br>Шапалақта-шапалақ | балдырған,<br>Сескенбейбіз жаңбырдан.<br>Төбемізде қолшатыр,<br>Алдымызда жол жатыр | топылдаймыз,<br>Біз қолмен шапалақтаймыз.<br>Баспен біз шайқаймыз,<br>Қолды жоғары көтереміз,<br>Одан кейін түсіреміз,<br>Одан кейін ақырын,<br>Орнымызға жүреміз |
| Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы.<br>Үзілісте: Дәрумендітаңғы ас) | **9:15<br>-<br>10:20** | **Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:**«Табиғатты қорға»<br>**Мақсаты:**.Табиғаттағы маусымдық өзгерістер мен жануарлардың мінез-құлқы арасындағы қарапайым байланыстарды анықтау қабілетін дамыту: жүнінің түсін ауыстыру, қысқы ұйқыға кетуі, қысқа қор жинауы<br>**Музыка.**<br>**Тақырыбы:** *«Жазғы дала»*<br>**Мақсаты:***«Жазғы дала»* суретін сала отырып, түстерді дұрыс таңдай білуге қалыптастыру. Ойлауға, елестетуге, қиялдауға дағдыландыру. | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**«Сипаты бойынша таны»<br>**Мақсаты:**Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту.<br>**Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Бір орыннан ұзындыққа секіру.**Мақсаты:** Бір орыннан ұзындыққа секірugeжаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту.Еңбектеуге және арқан немесе гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүруді | **Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:**Геометриялық пішіндер<br>**Мақсаты:**Балалардың ой-өрісін кеңейту геометрялық пішіндерді бір-бірінен ажыратып атай білуге үйрету , қиял болжамдарын дамытып, қабілеттерін шыңдау, таным өнерін сөздік қарым -қатынастарын байыту. Білімдерін жүйелі түрде көрсете алуға баулу . | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Сүлгіні әшекейлейміз»**Мақсаты:**Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету,сүлгіннің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру.Эстетикалық тәрбие беру.<br>**Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Жаз мезгілі де келді<br>**Мақсаты:**Жаттығуларды жасау және оның денсаулыққа, дененің өсіп жетілуіне пайдасын түсіндіру | **Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:**«Үш жолдас» (әңгіме)<br>**Мақсаты:** әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіру; достық қатынасты бағалай білуге баулу; достаса білуге, адал достыққа тәрбиелеу.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**«Түкті араның саяхаты»<br>**Мақсаты:**Ұлттық ыдыстардың аттарын атай , оларды толықтыруға қажетті құралдарды тапқызу, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бекіту. | | | ыдыстардың жалпы және жеке атауларын меңгерту, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру<br>**<u>Дене шынықтыру.</u>**<br>**Тақырыбы:**Жаз мезгілі де келді**Мақсаты:** Жаттығуларды жасау және оның денсаулыққа, дененің өсіп жетілуіне пайдасын түсіндіру |
| Серуенге дайындық. | **10:20**<br>**-**<br>**10:40** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Кием шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| Серуен | **10:40**<br>**-**<br>**12:00** | **Күнге бақылау жасау**<br>*Бақылау*<br>Бақылау<br>Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып | **Бақылау. Ауа- райын бақылау.**<br>**Мақсаты:** Бүгін күн қалай? Жылы ма, салқын ба бақылату. Оны қайдан және қалай аңғарып тұрсыңдар? Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету.<br>2. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты», «Кім тез жетеді?». | **Ағаштарға бақылау жасау.**<br>Бақылау<br>Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын | Бақылау. Аспанды бақылау.<br>**Мақсаты:** Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылату арқылы қиялын, зейінін дамыту. Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру.<br>2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Бұлтты және ашық күн», «Қуыспақ». | **Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.**<br>Бақылау<br>Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету<br>Қимылды ойын «Көк шөптегі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>Қимылды ойын<br>**«Күн мен бұлт»**<br>Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.<br>Еңбек әрекеті<br>**Гүл тұқымын топыраққа егу.**<br>Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама<br>Тапсырма 1.Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту.<br>Қорытынды. Алдымен темір заттар қызады.<br>Тапсырма 2.Қай зат тез ысиды?<br>Қорытынды. Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды.<br>Тапсырма 3.Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру.<br>Қорытынды. Күн | | салыстыру(аққайыңның бұтағы жіңішке,илгіш,қабығы қоңыр-қызыл,бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан;терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан,қабығы сұрғылт-жасыл,бүрі ірі,ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>Қимылды ойын<br>**«Ағаштан ағашқа»**<br>Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімде-кім аз секірсе сол,жеңімпаз)ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыуЕңбек іс-әрекеті<br>**Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.** | | хоккей»<br>Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>Ауладағы қураған шөпті жинау<br>Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару).<br>Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойындар.<br>Тәжірибе мен сараптамалар<br>Тапсырма.<br>Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.<br>Балаларды табиғатта болып |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық.<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу | | Еңбек нәтижесін көру,топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп,келесі бақылауды ұйымдастыру.<br>Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама<br>**«Біздің үй қайсы,тап?»**<br>Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.<br>Өзіндік іс-әрекет<br>Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп,ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету. | | жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету.<br>Сөздік-логикалық ойын дамыту,қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру.<br>Өзіндік іс-әрекет<br>Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу. |
| Серуеннен оралу | **12:00 - 12:20** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Күндізгі ұйқыға жатқызу | **13:00 - 15:10** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| | | Баяу бесік жырын тыңдату | **Торғай мен тышқан** ертегісін айту. | **Мұрагер** ертегісін оқып беру. | **Қияр мен қырыққабат** ертегісін айту | Баяу музыка тыңдату |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту. | **15:10 -** | Керуеттегі жаттығулар( 2-3 минут)<br>Қане, балалар, | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Шынықтыру шаралары.Ойындар | **15:40** | Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.6-7 рет<br><br>2.Керует жанындағы жаттығулар( 2 ,5минут)<br>Бойымызды жазайық.<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық.<br>- Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру.<br>- Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру.<br>- Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу.<br>- Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. 7-8 рет<br><br>3.Шынықтыру шарасы.( 2-3 минут)<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br><br>4.Демалуды қалыпқа келтіру<br>Демді қалыпқа келтіру.<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық,<br>Көріскенше күн жақсы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сау саламат болайық!<br>1,5 мин | | | | |
| Гигиеналық шаралары. Бесін ас. | **15:40<br>-<br>16:10** | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. | **16:10<br>-<br>16:30** | Ойыншықпен тату ойнаймыз.<br>**Мақсаты:** Балаларға ойыншықпен ұқыпты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету<br>Сюжеттік ойыншықтармен ойындар,<br>ертегі оқып беру;<br>үстел үсті театры және т.б. | Вариативті компонент:<br>**<u>«Ойыншықтар әлеміне саяхат»</u>** | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»;<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлар мен ойындар. | **Дид-қ ойын: «Менің айтуым бойынша». Мақсаты:**<br>Суреттеп айтқан баланы табу қажет<br><br>«Әр қызға өз ұлттық бас киімін кигіз» | **ТҮЛКІШЕК (қызықтама)**<br>Түлкі, түлкі, түлкішек, - Түнде қайда барасың? - Апам үйіне барамын, - Апаң саған не берер? - Ешкі сауып сүт берер, - Оны қайда қоясың? - Жалпақ тасқа қоямын. - Ит ішіп кетсе қайтесің? - Бақан ала қуамын. - Былғанып қалса қайтесің? - Ағын суға жуамын. - Ағып кетсе қайтесің? - Қайықпенен қуамын. - Жеткізбесе қайтесің? –<br>Жылай, жылай қаламын. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. | | Әңгіме жүргізу<br>**«Менің көшем»**<br>Балабақшаға немен келдің?<br>Көшеде өзіңді қалай ұстадың?<br>Көшеде не көрдің?<br>Көшеде бағдаршамнаң қалай өттің? | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақсаты:**Әр түрлі сызықтарды салу: тік, көлденеңді орындауға биімделді | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақсаты:**Табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды және атайды | **Өлең** мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады.<br>Достар бірге жүреміз, (қол ұстасып, айнала жүру)<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу)<br>Бірге балық аулаймыз, (қолдарын алға созу)<br>Міне, біздер қандаймыз! (қолдарын жоғары | **«Тазалықтың сыры неде?»Мақсаты:**<br>Балалар дың бойында өз-өзін күту, таза жүру, тап таза болғанын денсаулыққа пайдалы екенін ұғындыру.<br>Тазалық туралы әңгімелесу.<br>-Тазалық сақтау үшін не істейміз?<br>-Тазалық бізге не үшін керек?<br>-Тазалық туралы тақпақ айтып берші. т.б<br>Балаларға тапсырам үйден көктем мезгіліне байланысты сурет салып келу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | созу)<br>Бөлінбейді<br>іргеміз,<br>Әрқашанда<br>біргеміз. | |
| Серуенге дайындық. | **16:30<br>-<br>16:50** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары | **16:50<br>-<br>17:20** | ойыны. «Кімде не бар?»<br>Сюжетті-рольді ойын: «Шаштараз» | **Саусаққа арналған жаттығу:**<br>Достық<br>Қыздар менен ұлдар<br>Дос қой біздің топта.<br>Ұсынса біреу қолын,<br>Ешқашан бас тартпа.<br>«Досың туралы айт» жаттығуы<br>Сенің досың ұл ма, әлде қыз бала ма?<br>Досың ызақор ма, әлде мейірімді ме? | Аквариумдағы балықты бақылау.<br>Тілдік ойын.<br>Суда балықтар жүзеді | **«Ну орманға серуен» жаттығу.**<br>1/ Ұсынылған кейіпкерлердің қайсысымен кездескің келмейді?<br>2\ Өзіңді қай кейіпкермен сәйкестейсің? | Сюжетті-рольдік ойын: «Үш аю» ертегісін рольдерге бөліп орындау.<br>Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?» |
| Серуеннен оралу. | **17:20<br>-<br>17:30** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас.<br>Еркін ойындар.<br>Балалардың үйге қайтуы. | **18:00<br>-<br>18:30** | Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы әңгімелесу. | **Ата-аналардан сұраныс:**<br>Ойыншық салатын себет жасау. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу | **Көрме:**<br>«Ойыншықтар біздің досымыз»<br>Қағаздан, ермексаздан т.б материялдардан ойыншыөтар жасау | Ата аналармен әңгімелесу<br>Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы |